

**«Нұрбалапан» бөбекжайы**

**«Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп  
этикалық нормалары»**

**Дайындаған: А.Ж.Шаутова**

**2023-2024 оқу жылы**

## **Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп этикалық нормалары.**

Әдептілік — адам бойындағы жағымды қасиет. Бұл жайында ұлы ғұлама Әбу Насыр Әль-Фараби былай деген екен. «Әдептілік — әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы».

«Әдеп» — қоғамдағы адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық талаптар. Олай дейтініміз, адамның сөйлеу мәнері, іс-қимылды, жүріс-тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін байқатады. Адамның бойынан әдептілік қасиет көрініп тұрса, ол парасатты, адамгершілігі мол екендігін көрсетеді.

Әдептілік — адам бойына үйдегі тәрбиемен, өзін қоршаған ортаның қарым-қатынасымен берілетін қасиет. Ең алдымен әдептілік сәлемнен басталады.

Сәлемдесу — ізеттіліктің белгісі. Ал ізеттіліктен туатын қағида-әдептілік. Көпшілік орынға келгенде сәлеметсіздер ме немесе ассалау мағалейкум деп жалпылама сәлемдескен жөн.

Ізеттілік пен сыпайылық, әдептілік, әдемілік бәрін адам отбасындағы тәрбиеден алады.

Адамның басшысы — ақылы, жетекшісі — талап, қорғаны — сабыр, жолдасы — кәсіп, қорғайтын қорғаушысы — мінез, бәрін тәртіпке реттейтін-әдептілік. Біздің халқымыз әр кезде де, нақыл сөзді «қазынам», өнегені «өрісім» деп таныған.

## **КӨПШІЛІК ОРТАДА ӨЗІН ҰСТАУ МӘДЕНИЕТИ:**

Көпшілік қатты дауыс шығарып күлу, қоқыстарды көрінген жерге тастай салу, жасы үлкендерге, мүмкіндігі шектеулі жандарға, балалы немесе жүкті аналарға орын ұсынбау, мобиЛЬДІ телефонмен дауыстап сөйлесу және тағы басқа қылыштар адамның әдепсіздігін көрсетеді. Кез-келген ортада эмоциясын тежей білу немесе шыдамды болу арқылы әдептілікке қол жеткізуге болады.

## **КӨШЕДЕ ЖҮРІП — ТҰРУ, МІНЕЗ — ҚҰЛЫҚ ӘДЕБІ.**

Көшеде жүріп-тұрудың өз тәртібі бар. Келе жатып танысыңызды кездестіріп қалсаңыз, онымен көшениң қақ ортасында тұра қалып сөйлесу жат қылыш. Ары — бері өтіп жатқан жүргіншілерге кедергі жасамас үшін кездестірген танысыңызben көшениң бір шетіне шығып, амандық саулық сұрасқан орынды. Әйел кісі ер азаматтың оң жағында жүреді. Өзгелерге кедергі жасап, жолды жауып, өзгелердің өтуіне мүмкіндік бермей жүру ерсі көрінеді. Багдаршамнан өтерде міндетті түрде «жасыл көздің» жануын күтіңіз. Көшениң аргы бетіне кез — келген жерден жолды қып өту өз өміріңіз үшін қауіпті. Жаяу жүргіншілерге арналған жолақты жол (зебра) белдеуінен өткен дұрыс. Гүлзар бақты, көгалды жерді баспаңыз.

## ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕГІ ӘДЕПТІЛІК.

Қоғамдық көлікке кіргенде мүгедектерді, балаларды, егде адамдарды, әйелдерді алдымен өткізеді. Егер бір есіктен кіріп шығатын болса, әуелі адамдардың шығуына мүмкіндік береді. Қоғамдық көлікте қатты сөйлеудің, тамақ жеудің ыңғайы жок. Түшкіргенде және жөтелгенде қол орамалды пайдаланып, ауызыңызды жауып отырыңыз. Вагон ішінде өзінің үсті — басын тәртіпке келтірмейді, тырнағын тазаламайды, құлағы мен тісін шұқыламайды, бет бояу немесе шаш жөндеу де жөнсіз. Газет оқығыңыз келсе, оны бүктеп оқыңыз. Көршінің оқып отырған газетіне, журналына үңілу, жолаушыларға қадала қарау әдепсіздік. Жолаушыларға барлап қарамайды. Қатты құлу де орынсыз. Вагон ішінде үй іші мен қызметтегі істер жайында сөйлеспейді, өзгелердің әнгімесіне құлақ салмайды.

Жұмыстағы мінез — құлық этикасы бұл әріптер, бәсекелестер арасындағы шынайы және тұра қарым — қатынас.

Мінез — құлық. Тілекестік пікір айтудағы айқындық, өзін абыройлы ұстая, жанжалды жағдайларда сабырлы, сыпайы болу. Жұмысқа отбасындағы келенсіздіктер кедергі болмауы тиіс. Жұмыс орнында өз туысқаныңмен отбасындағы рөліне қарай емес қызметтіне қарай қатынас жасау керек. Фирманың немесе ондағы жұмыс істейтін қызметкердің қателіктерін бөтен адамның көзінше айтуға болмайды.

Қызметтік қарым — қатынастар. Жаңа қызметкерді ұжымға бастық таныстырады. Бұрынғы қызметкерлер жаңа адамның ортаға өз адамдарындей сіңісп кетуін іске араластырып, бірнеше күн өткеннен кейін жаңа адам өзін осы ортаның байырғы мүшесіндей қолайлы сезінуі керек.

Ұжымдағы мүшелердің бір — бірімен қарым — қатынасы олардың арасында калыптасқан дағдыға немесе өзара жеке қарым — қатынастарына байланысты болады. Бөлмеге кіргенде, басшы бірінші амандасады, қызметкерлер орындарынан тұрмай — ақ амандасады. Мемлекеттік қызметшінің әр түрлі кәсіби сұрақтарды шешудегі адалдығы мен әділдігі, қайырымдылығы мен байсалдылығы, әріптермен өзара қарым қатынаста да, жұмыс барысы немесе жеке мәселемен келген сырт адамдармен қатынаста да маңызды рөл атқарады. Қызметтік этика қазіргі мемлекеттік қызметшінің жеке бас сапасы ретінде ғана емес, оның сапалық қасиетін білдіретін деңгейіне көтереді.

## Хаттама №9

Өтілген уақыты: 15-мамыр 2023-2024 оку жылы.

### Күн тәртібінде

1. Көпшілік ортадағы педагогикалық әдеп этикалары туралы түсіндіру.
2. Педагогтың өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті.
3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті.

### Тындалды:

Бірінші мәселе бойынша әдеп кеңес тәрайымы Кадимова М.Т:

Қайырлы күн бүгінгі педагогикалық әдеп кеңесінің отырысына қатысуышылар.

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы. Қазақстан

Республикасының 2020 жылғы 12 мамырда №20619 болып тіркелді.

Педагогикалық әдеп жәніндегі кеңес білім беру үйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына осы Қағидаларға, өзгеде нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялыштықты есепке алу қағидаттарын басшылыққа алады.

Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді.

Тәртіптік істерді қарау қорытындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру үйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза колдануды немесе қолданбауды ұсыну, тәртіптік істі тоқтату.

Екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Шаутова.А.Ж:

Педагог өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбетіне баса назар аудару керек. Әр балаға жол сілтеп, оның бойына жақсы қасиеттерді сіңіретін бірден бір жан болса, ол-ұстаз. «шәкірттің жақсы болмағы-ұстазынан» деп дана халқымыз айтқандай ұстаз оқушыларды білім нәрімен сусындарынан қана қоймай, қолынан келгенінің бәрін үйретіп, бағыт-бағдар беріп, сыртқы келбетімен, киім ұлғасымен, өзін-өзі ұстau әдебімен үлгі бола білуі тиіс. Себебі балалар педагогтің біліміне ғана емес, жоғарыда аталған қасиеттеріне де ерекше көңіл бөліп, тәлім алады. Түстерді дұрыс үйлестіре білген жөн. Ұстаз киіміндегі құптауға лайық түстер ақ және қара түс болып есептеледі. Педагогтің шаш ұлғасы өзіне жарасымды болғаны дұрыс.

Педагог мамандығына сай талғаммен киініп, ұқыпты келбетімен үлгі бола отырып, ішкі жан дүниесінің көркемдігімен, шәкірт жанын ұғына алар кеңпейіл мінезімен көрінуі керек. Адамдар үйлесімділікке баса назар аударатынын есте сақтаңыз.

Осы нәрселерді шебер үйлестіре білген білікті ұстаз шәкірттерді білім нәрімен сусындарынан қана қоймай, өскелен ұрпақтың өзіне қарап бой түзеуіне, тұлға болып қалыптастына септігін тигізеді.

Өзінің жеке суреттерін әлеуметтік желілерде жариялаган кезде ұстаз деген атына лайық суреттер жариялау тиміс деп ойлаймын. Көпшілік алдына шыққанда да ұстаз екенін ұмытпауы тиіс. Қазір әлеуметтік желіде көріп жүрсіздер, бейәдеп суреттермен жүрген жас мамандар кездесіп қалып жатады. Сондай әрекеттерден аулақ болғаны жөн. Әр мәсelenі көтерген кезде де, өз пікірінді білдірген кезде де, әдептен озбай сөйлеу керек. Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-

ананың,адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді,олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі.Ол баланың дамуын шынымен қалап,оган әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп,білім алушының жетістігін(жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік таныту қажет.

Ұстаз ата-аналармен,балалармен және әріптестермен әңгімелесу кезінде педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндетті.

Чаттардағы қарым-қатынастың қарапайым нормаларына тоқталып,мессенджерлер жіберу туралы бірқатар мысалдар келтірді. Жеке сұрақтарының жалпы алқалық чатқа араластырмауды ескертті.Сөйлеу кезінде этикалық нормаларды ұстауға кеңес берді.

Ұстаз этикасы-педагог пен бала,ата-ана мен педагог арасындағы қарым- қатынас. Педагогикалық этика-ұжым ішінде,педагогтер арасында басталып,өзінің заңды жалғасын топтарда табуы тиіс. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан,оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс.Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін.Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін.Мысалы педагог этикасы мектепке дейінгі ұйымдарды,мектептерді,орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұқсастығына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Кеңес шешімі:

1. Педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бұзбау, назарда ұсталынын.

2.Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті назарға алынын.

3.Педагогтермен педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау туралы жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:  Кадимова.М.Т

Кеңес хатшысы:  - Шаутова.А.Ж